

Сабақтың тақырыбы:

- Сәкен Сейфуллин «Көкшетау»
ПОЭМАСЫ.

ОЙ ҚОЗҒАУ



- **Сұрақтарға жауап бер.**

1. Қазақтың қандай ақындарын білесің?
2. Қандай шығармалары есінде қалды? Ол шығармаларда не туралы айтылған?
3. Табиғат тақырыбында жазылған кімнің өлеңдерін жатқа білесің?

1-тапсырма. Ақынның өмірі мен шығармашылығына хронологиялық кесте толтыр.

- <https://youtu.be/tWpJqU7W7hk>

2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Арканың кербез сұлу Көкшетауы.

● Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

● Жан-жақтан ергелі –кеш бұлттар келіп,

● Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

● Сексен көл Көкшетаудың саясында,

● Әрқайсы алтын кесе аясында.

● Ауасы дертке дауа, жұпар иісті

● Көкірек, канша жұтсаң, тоясың ба?

● Ырғалған көкке бойлап қарағайы,

● Қасында көк желекті аппақ қайың,

● Жібектей желмен шарпып төңіректі,

● Балкытып мас қылады ніс майы.

● Көкпенбек шың басынан мұнар кетпес,

● Басына атсаңдағы ағың жетпес.

● Бір жұтсаң **Көкшетау**дың жұпарынан,

● Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.

● **Сары алтын** Көкшетаудың ерте-кеші,

● Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп,

● Суретті шежіресі өткен күннің,

● Сілекей ағызады ертегісі.

● Талай сыр ертегіні ел айтады,

● Ызындап таудан соққан **жел** айтады.

● Сырласып, сыбырласқан жапырақтар,

● Күндіз-түн күніренген **көл** айтады.

● Ертегі болмаса да хатта қалған,

● Аузында шежіренің **қарт**та қалған.

● Қарттардың баян қылған **әңгімесін**

● Есіткен кейінгілер жаттап алған.

3-тапсырма: Өлеңде суреттегі заттар мен табиғат көріністерінің қайсысы туралы айтылған? Олар шығармада қандай мақсатта қолданылған?



Дескриптор:

- Мәтінді түсініп оқып шыға алады;
- Берілген ақпарат көздерін, мәтіндегі ақпарат көздерімен салыстырып, ажырата алады.

4-тапсырма: Төмендегі термин сөздердің анықтамасын жаз.



Дескриптор:

- термин сөздерді түсінеді
- термин сөздерін анықтайды

ҚБ. «Бір сөйлеммен түйіндеу»

